



ӘОЖ 32. 001

ҒТАХР 03.20.00

DOI 10.37238/2960-1371.2960-138X.2025.100(4).180

Шайхиев Т.Т.

**М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті,
Орал, Қазақстан**

E-mail: shaihiev1972@mail.ru

«ҮШ ЖҮЗ» ҰЛТТЫҚ – САЯСИ ПАРТИЯСЫНЫҢ ОТАНДЫҚ ТАРИХТА ЗЕРТТЕЛУ АСПЕКТІЛЕРІ

Аңдатпа. Мақалада ХХ ғасырдың басындағы қазақ қоғамындағы саяси үдерістер аясында құрылған «Үш жүз» ұлттық-саяси партиясының отандық тарихнамада зерттелу мәселелері қарастырылады. Кеңестік кезеңдегі марксистік-лениндік методология негізінде жасалған тұжырымдар мен Тәуелсіз Қазақстан кезеңіндегі жаңа әдіснамалық ұстанымдар салыстырмалы түрде талданады. Зерттеу барысында «Үш жүз» партиясына қатысты кеңестік тарихнамада қалыптасқан таптық және идеологиялық бағалаулардың шарттылығы ашылып, қазіргі отандық тарих ғылымындағы ұлттық-саяси ұйымдарды ұлт-азаттық қозғалыс контекстінде қарастыру үрдісі көрсетіледі. Автор соңғы жылдардағы зерттеулер негізінде «Үш жүз» партиясының идеологиялық-саяси бағдарын, әлеуметтік тірек базасын және Кеңес өкіметімен қарым-қатынасын қайта пайымдаудың ғылыми маңызын негіздейді.

Кілт сөздер: Қазақстан тарихы, «Үш жүз» партиясы, тарихнама, ұлттық-саяси ұйымдар, ХХ ғасыр басы, кеңестік методология, тәуелсіздік кезеңі, жаңа ғылыми парадигмалар.

Кіріспе

Кеңестік тарихнамада ұлттық саяси күштерді зерттеу ісі, саяси және тарихи қырынан ең көп қаралған мәселелердің бірі болды. Мұндай назар аударушылықтың да өз себептері болды. Маркстік-лениндік тарихнамадағы зерттеулерге сүйенсек, ұлттық саяси күштерді зерттеу тарихнамасы келесідей міндеттерден туындайды:

1. Большевиктер партиясының ең алдыңғы қатарлы саяси күш болғандығын, басқа ұлттық саяси күштермен салыстыра отырып көрсету.

2. Әлеуметтік әділеттілік, социализм идеясының, бұқара халық арасында арасында таралуына қаншама “керітартпа” күштер әсер еткендігін көрсету арқылы, коммунистік идеяның құнын арттыру.

3. Ресей империясының ұлттық аймақтарының революция аясында капиталистік құрылысты аттап өтіп, феодалдық кезеңнен әлеуметтік әділеттілік кезеңіне бірден өткендігін, сол аймақтағы саяси күштер мақсаттарын талдау арқылы көрсету.



4. Интернационализм идеясының ұлттық идеялардан анағұрлым озық екендігін социал-демократиялық және ұлттық саяси күштерді салыстыру арқылы дәлелдеу.

Әрине, бұларды негізгі себептер ретінде қарастыруға болады. Сонымен қатар, бұлардан басқа да көптеген ірілі-ұсақты себептер болды. Біздің зерттеуіміздің басты мақсаты, нақты бір ұлттық-саяси партияның, атап айытқанда “Үш жүз” ұлттық-саяси партиясының Кеңестік тарихнамада зерттелуін талдау.

Кеңестік қазақ тарихнамасында “Үш жүз” саяси партиясының бағдарламасына, идеологиясына және қызметіне деген төрт түрлі көзқарас қалыптасты:

1. Т. Елеуов пен К. Нұрпейісов сол заманның ресми идеологиясына сәйкес «Үш жүзді» реакциялық-ұлтшыл бағытта деп есептеуге мәжбүр болды;

2. «Қазақстан Коммунистік партиясы тарихының очерктері», «Ленин идеясы туы астында» атты жинақтардың зияткерлер ұжымы және зерттеушілер Г.Ф. Дахшлейгер, К.Бисембаев бұл партияны – «ұсақбуржуазиялық» деп бағалады;

3. С. Зимановтың көзқарасы бойынша, партия өзінің құрылғанынан бастап социал-демократиялық бағытта болған. Б. Елкеевтің пікірі де осыған жақын, зерттеушінің пайымдауынша, «Үш жүз» аз ғана ауытқушылықты санамаса, социал-демократиялық бағытта болған;

4. В. Григорьев, П. Пахмурныйдың және М. Бурабаевтың көзқарастары бойынша, «Үш жүз» ұсақ буржуазиялық және революциялық-демократиялық саяси партия ретінде пайда бола отырып, «большевиктердің игі әсері мен ықпалының арқасында» Кеңес өкіметінің жақтастарының қатарына қосылды.

Зерттеу материалдары мен әдістері

«Үш жүз» партиясының Кеңестік тарихнамасына толығынан көз жүгірту үшін, осылардың ішінен партия тарихын толығырақ зерттеген үш ғалымның еібектерін ғылыми дәрежеде талдап көрелік. Бұлар, Т. Елеуовтің «Установление и упрочение советской власти в Казахстане (Алма-Ата, 1961 г.) және В. Григорьевтің «Противостояние» (Алма-Ата, 1989 г.) атты зерттеу монографиялары және Б. Елкеевтің кандидаттық диссертациясын да осы қатарға қосуымыз қажет.

Т. Елеуов өз кітабында «Үш жүзге» тарихи баға бере отырып, оны сын садағына іліктіреді. «Үш жүзді» Кеңес өкіметіне қарсы саяси күрес жүргізді деп айыптай отырып, Кеңес өкіметі орнаған алғашқы жылдарда, яғни ең бір аумалы-төкпелі кезеңде «Үш жүз» Кеңес өкіметін қолдайтын саяси партия ретінде де көрінді деп есептеді. Шындығында «Үш жүз» Кеңес өкіметімен емес, сол өкіметтегі көпшілік орынды басып алған большевиктермен күресті. Өкіметтегі орын үшін, сол орынды алуға халық қолдауына сүйену үшін, яғни халық үшін күрес қай-қай саяси партияға да тән қасиет. Сондықтан, Т. Елеуовтің «Үш жүзді» айыптауы сол заманда орынды болды және сол кезде басқа пікір айту мүмкін болмағандығын ескерген жөн.

Екінші еңбекке келетін болсақ, В. Григорьев «Үш жүзге» уақыт талабына сай баға беруге тырысады. Ол «Үш жүзді» революцияның уақытша жолсерігі ретінде көрсеткен, яғни саяси өмір сүруге алдын – ала қабілетсіз болған дегендей пікірде. Өзінің ойларын В. Григорьев «партия платформасындағы тайғанақтықтан» деп



түйіндейді. Сол кездегі орын алған, большевиктердің қатал шаралары мен «Үш жүз» ұлттық саяси партиясы тап болған жан – жақты қысымды есепке алмаған.

Себебі, «Алаш» ұлттық саяси партиясы «Үш жүзді» қазақ топтарының арасындағы саяси потенциалды қарсылас ретінде жойғысы келді, яғни, «бір қазанда екі қошқардың басы симастың кебі», ал большевиктерге солардың айытқанына көніп, айдағанымен жүретін сырты ұлттық, іші интернационал саяси күш қажет болды. Сондықтан, В. Григорьев осы объективті қалыптасқан саяси факторларды да зерттеуі қажет еді және тарих ғылымында осы тұрғыдан баға бергенде, еңбек құндылығы арта түсер еді.

Зерттеу нәтижелері

Бұл тақырыпқа, Кеңес дәуірінде іргелі зерттеу жұмыстарын жүргізгендердің бірі Бабан Елкеев болды. Б. Елкеев кандидаттық диссертациясын Ташкент қаласында қорғаған себепті, қолымызға тек диссертацияға арналған авторефераты түсті. Б. Елкеев “Үш жүзге” оң жағынан баға беруге тырысқан, бірақ сол кездегі саяси жағдайға сай, абайлап қана жазып өткен. Панисламизм мен пантюркизм туралы айта отырып, оны тек ауытқушылық қана деп атайды. “Егер панисламистік, пантюркистік туға келетін болсақ, қазақ зиялыларының төменгі өкілдері саяси даму жағынан, көбінесе діни тәуелді болды» – деп жазады В. Григорьев. [1, б.120]. В. Григорьев осы пікірімен Б. Елкеевтің ойларын қолдаушылық танытады.

Кеңес тарихнамасында «Үш жүз» туралы тарихи деректер, бұлардан басқа «Победа Советской власти в Средней Азии и Казахстане» (Ташкент., 1967 г.) жинағының 338 бетінде жазылған, «О чем не говорили» (Алма-Ата., 1990 г.) атты жинақтың 49 бетінде де кездеседі. Мұнда, «Алаш» атауы хақында болған тартыс терең көрсетіліп, «Үш жүз» партиясы соған қатысты баяндалған. Сол сияқты, бес томдық «Қазақ КСР тарихының» (Алматы., 1981 ж.) төртінші томында, 37 бетінде Қазақстанның Солтүстік-Шығыс аймақтарында осындай бір партияның болғандығы ғана көрсетілген.

Ең соңғы Кеңестік тарихнамалық деректерге келетін болсақ, «История Казахстана: белые пятна» (Алматы, 1991 г.) деп аталатын, тарих ғылымдарының кандидаты Ж. Әбілқожин құрастырған жинақтың 49-шы және 77-ші беті аралықтарында Б. Елкеевтің тың деректері берілген. Кішкене түсініксіз жері, онда, зерттеуші өзінің мақаласын «Үш жүз» партиясы және оның Кеңес өкіметін орнықтыру кезіндегі қызметі» деп атаса да, мақаланың көптеген жері «Алаш» саяси партиясының қызметі мен бағдарламалық ой-өрісіне, тарихына арналған. Осы мақаласында Б. Елкеев екі партияны бір-бірімен байланыстырылуға тырысқан секілді.

Кеңес кезеңіндегі мерзімді баспасөз материалдарына көз жүгіртсек «Үш жүз» туралы «Қазақстан коммунисті» журналының 1990 жылғы 8-ші санында, 1991 жылғы 5-ші және 6-шы сандарында кездестіруге болады. Сондай-ақ «Жұлдыз» журналының 1990 жылғы 11 санында да шолу жасалынған.

«Қазақстан коммунисті» журналының 1991 жылғы 5-ші санында және «Жұлдыз» журналының 1990 жылғы 11 санында жарияланған мақалалар Көлбай Төгісовтың жеке басын зерттеуге, оның саяси көзқарасы мен қызметін талдауға арналған.



Т. Кәкішов өз мақаласында К. Төгісовтың шыққан тегін дәулетті адамдардан тарағандығын тұжырымдаса, Б. Елкеев “Жұлдыз” журналында жариялаған мақаласында Төгісов Көлбайды кедей баласы, шын тегі Төлеңгітов, ал Тоғысов болуы, Тоғыс би орыс мектебіне шенеуік оқуына баруға тиісті баласының орнына Көлбайды жіберген деп түйіндейді. Мұның бәрі гнеосологиялық түйіндеулерге жататын тақырыптар болғанымен, біздің зерттеуімізге тікелей қатысы бар талдаулар.

Мұның бәрі біздің жұмысымызға тікелей қатысы бар зерттеулер болғандықтан, «Үш жүз» саяси партиясының Кеңестік төңкеріспен қатар туған дерекнамасына келетін болсақ, деректер деп «Үш жүз» газетінің сақталған қалдықтарын атауға болады. Сонымен қатар, «Үш жүздің» замандастары және ол туралы көп жазған баспасөз органдары «Революционная мысль», «Дело Сибири», «Трудовое знамя», «Голос труда», «Известия Петропавловского Совета» газеттерін атауға болады. Әр газет, өзінің саяси бағамына орай, “Үш жүзге” әртүрлі саяси бағытта баға беруге тырысады.

Сол сияқты, қазақ зиялы қауымының сол кездегі белді баспасөз органдары «Қазақ», «Сарыарқа», «Бірлік» газеттерін қарап өткен жөн. Бұл баспасөз органдары мен және олардың теңірегінде идеалық жағынан тоттасқан қазақ зиялыларымен «Үш жүз» қызу айтысқа түсіп отырды. Бұларда «Үш жүздің» барлық орын алған саяси – идеологиялық кемшіліктері айқын көрсетілді.

Деректемеге сол сияқты, Сәкен Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу» романын да жатқызуға болады. С. Сейфуллин «Үш жүздің» көптетен жетекшілерін жүзебе-жүз білетін адам. С. Сейфуллин көп заттарды өз саяси көзқарасына сай бұрмаласа да, бұл кітап өте құнды дерек ретінде өз орнын алып отыр. Өз кітабында С. Сейфуллин көптетен саяси қайраткерлердің, жай адам ретіндегі осал жақтарын ашып көрсетеді, кімнің неге қабілетті, қандай нәрсеге шамасы жететінін бағалайды. Егер, әрбір саяси жетекшінің партия өміріндегі ерекше орнын, атқарар рөлін еске алсақ Сәкен Сейфуллиннің бұл тарихи романы деректер қатарына толық жатады.

Жалпы, Кеңестік тарихнамада “Үш жүзді” ұлттық ұсақ буржуазияның мүддесін қорғау үшін құрылған партия ретінде бағалау үрдісі қалыптасты. Бұл басынан қате құрылған тезис болатын. Себебі:

1. Ұсақ буржуазиялық қауымының көшпелі қазақ арасында өте өз мөлшерде болуы. Олардың барлығының дерлік орыс, татар және басқа да халықтардың өкілдері болғандығы және қалада шоғырланғандығы Кеңес кезеңінің өзінде дәлелденді.

2. Сол кездегі қазақ қоғамының орта зиялы қауымының көпшілігі қарасирақ кедей балалары болатын. Өз балаларын шоқынып кетеді деп қорыққан көптетен байлар, орыс мектебіне баласын жіберуге нұсқау түскенде, орнына кедей тұқымдарының балаларын жіберіп отырған.

Бұл екеуі де тек қазақ қоғамына тән ерекшеліктер болғандықтан (империяның басқа ұлт аймақтарына бұл ерекшеліктер тән емес) Кеңестік тарихнама, оны байқамай немесе ескермей, жалпы шаблондық зерттеу бағытымен кеткен болуы тиіс.



Қорытынды

Біздер, «Үш жүз» ұлттық-саяси партиясының мысалында, ұлттық-саяси ұйымдардың Кеңестік марксистік-лениндық тарихнамада зерттелуін қарастырдық. Соңғы уақыттағы тарихи зерттеулер, қазақ даласындағы ұлттық-саяси ұйымдарды зерттеудің өз ерекшеліктері бар екендігін көрсетті.

Қазіргі отандық тарих ғылымында, ұлттық-саяси ұйымдарды зерттеуде жаңа байламдар пайда болды.

1. Ең алдымен, бұл ұлттық-саяси ұйымдарды таптық күрес қағидасымен байланыстыра қараудан бас тарту. Тап түсінігіне қатысты, сол кезеңдегі ірі қайраткерлердің бірі Н.И.Бухарин өз еңбегінде Ф.Оппенгеймердің пікірін келтірген: «классы созданы при помощи политических средств и могли быть созданы только политическими средствами» [2, б. 56]. Сонымен таптық күрес үшін дамыған саяси жүйе мен құралдар қажет. Ал, бұлар өз кезегінде саяси-экономикалық дамыған елдерге тән болатыны даусыз. Отандық тарихшы К. Нурпейісовтың айтуынша, қазақ даласы «...феодалдық-патриархалдық қатынастар үстем болған өлке» [3, б. 39]. Олай болса қазақ арасында тап пайда болатындай саяси және әлеуметтік -экономикалық негіздер жоқ. Мұндай пікір, тіпті сол кезде де болды, «примитивный патриархальный строй исключал классовую внутреннюю борьбу в среде киргиз» [4, б. 11] деген ойлар тенкерістен кейін іле-шала айтыла бастады. Сол себепті де, «Алаш», «Үш жүз» сияқты ұлттық-саяси ұйымдар барлық қазақ қоғамының мүддесін қорғауға тырысты. Бұл қағиданы ұлттық-саяси ұйымдар ресми ұстанды. Егер, «Алаш» өзін барлық қазақ ұлттық мүддесін қорғайтын ұлттық саяси партиямын деп атаса, ал «Үш жүз» өзін барлық үш жүз қазақтарының партиясы деп мәлімдеді.

2. Екінші бір мәселе, ұлттық-саяси ұйымдардың Кеңес өкіметімен қарым-қатынастарына қатысты жаңа пікірлердің пайда болуы. Кеңестік тарихнамада ұлттық-саяси ұйымдар (сөз орталық Ресей партияларының жергілікті ұйымдары емес, жеке-дара ұлттық-саяси ұйымдар туралы болып отыр) екі топқа жіктеледі, біріншілері, Кеңес өкіметін қолдаған және соңынан большевиктер партиясына құйылған ұйымдар, ал екіншілері еңбекші халыққа қарсы шыққан ұлттық-буржуазиялық ұйымдар. Қазір отандық тарихнамада, ұлттық-саяси ұйымдардың Кеңес өкіметін қолдамағандығы туралы пікірлер қалыптаса бастады. Тарих ғылымы үшін мұндай пікір де жаңа емес. Қазақстандағы Қазан төңкерісінен кейінгі жағдайды өз кезімен көріп, төңкеріс жеңісінен кейін, ізін суыттай-ақ оны қорытындылай бастаған зерттеушінің мақаласында былай жазылған, «Неорганизованная и темная масса туземной бедноты не принимал активное участия в революции. Октябрь не принес раскрепощение туземной бедного. Период имперского колонизаторства сменилось периодом колонизаторства советского» [5, б. 12]. Отандық тарихшы М. Қойгелдиевтың пікірінше, «ұлттық зиялы қауым көздеген ұлы мұраттардың бірі – қазақ елін отарлық езгіден азат ету» [6, б.46]. Сол себепті қазір отандық тарихнамада, ұлттық-саяси ұйымдар ұлт-азаттық қозғалыстың бір қанаты ретінде, әрбірі өз мүмкіндігінше, жаңа Кеңестік отарлау саясатына қарсы күрескендігі туралы байлам талдануда.



3. Қазіргі отандық тарихнамада, ұлттық-саяси ұйымдардың идеологиялық-саяси бағдарларына қатысты пікірлер қайшылығы жаңа қарқынмен өрби түсті. Сол кезеңдегі ірі саяси қайраткер Ә. Бөкейхановтың пікіріне жүгінетін болсақ, «...жақын болашақта ...қырғыз арасында қалыптасын келе жатқан екі саяси бағытқа сай екі саяси партия құрылуы мүмкін. Оның бірін ұлттық-діни бағыттағы деп атауға болар... Екіншісі қырғыз даласының келешегі кең мағынадағы батыс мәдениетін енгізуге байланысты деп есептейді бағыт. Бірінші бағыт, мұсылман-татар партияларын үлгі тұтар, екіншісі оппозициядағы орыс партияларын, атап айтқанда, халық бостандығы партиясын үлгі етеді» - деп жазады. [7, б. 99]. Бұл пікір, сол кезең қоғамдық-саяси өмірін ете жақсы білетін, сол кезеңдегі қоғамдық-саяси оқиғаларға белсенді араласқан қайраткер болғандықтан, тарихшылар үшін ете құнды болып табылады.

4. Төртінші назар аударатын мәселе, қазақ өлкесіндегі ұлттық-саяси ұйымдардың электораттық базасының зерттелуі. К.Нұрпейісовтің пікірінше, «Алаштың әлеуметтік негізі әртүрлілерден туралы, яғни байлар, ақсүйектер, зиялы қауым, еңбекшілер, тіпті жұмысшылар өкілдері болады» [8,б. 40]. А.К.Бейсембаевтың пікірінше, «Үш жүз» партиясы өз қатарына қазақ зиялыларын, қала шеберлерін біріктірді» [9, б. 123]. Қазір зерттеле бастаған қағида, зиялы бағыттағы саяси ұйымдар қызметіне дін өкілдерінің белсенді араласуы. М.Койгелдиевтің айтуынша, «1917 ж. Жалпықазақ съезі ұлттық саяси партия бағдарламасының жобасын жасауды бүкіл ресейлік мұсылмандар съезіне (шураи ислам) сайланған қазақ өкілдеріне тапсырды» [10, б. 46]. С.Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу» романдарында күнбатыс Алашорда үкіметі мен «Алаш» партиясында белсенді қызмет атқарған. Бағдат шаһарынан жоғарғы діни оқуын бітірген қазірет Қуанай Қосдәулетов туралы хабар бар.

Сонымен жаңа отандық тарихнамада ұлттық саяси ұйымдарды зерттеу ісіне қатысты осындай жаңа пікірлер, көзқарастар пайда бола бастады және бұл мәселелерді зерттеу ісі осы байламдар бағытында өрбуі мүмкін.

ӘДЕБИЕТ

- [1] В. Григорьев. Противостояние. Алма-Ата., 1989 г., стр. 120
- [2] Н. И. Бухарин. Теория пролетарской диктатуры. Изб. произ. Москва., 1988 г., стр. 56
- [3] Қос төңкеріс және Алаш қозғалысы. Ақиқат журналы. 1992 ж., №11. 39 бет.
- [4] Миллин В. Киргизы и революция. Журнал Новый Восток. 1924 г. №15
- [5] Миллин В. Киргизы и революция. Журнал Новый Восток. 1924 г. №15
- [6] Қос төңкеріс және Алаш қозғалысы. Ақиқат журналы. 1992 ж. №11. 46 бет.
- [7] А. Букейханов. Формы национального движения в современных государствах. Петербург. 1910. стр. 99.
- [8] Қос төңкеріс және Алаш қозғалысы. Ақиқат журналы. 1992 ж. №11. 40 б.
- [9] Бейсембаев К. "Очерки истории общественно-политической и философской мысли в Казахстане". Алма-Ата., 1976 г., стр 123.



[10] Қос төңкеріс және Алаш қозғалысы. Ақиқат журналы. 1992 ж. №11. 46 бет.

REFERENCES

- [1] V. Grigor'ev. Protivostoyanie. Alma-Ata., 1989 g., str. 120 [Confrontation. Alma-Ata, 1989, p. 120.]
- [2] N. I. Bukharin. Teoriya proletarskoy diktatury. Izb. proiz. Moskva., 1988 g., str. 56 [N. I. Bukharin. The Theory of Proletarian Dictatorship. Selected Works. Moscow, 1988, p. 56.]
- [3] Qos тоңкеріс және Алаш қозғалысы. Ақиқат журналы. 1992 ж., №11. 39 бет. [The Dual Revolution and the Alash Movement. Aqikat Journal, 1992, No. 11, p. 39.]
- [4] Millin V. Kirgizy i revolyuciya. Zhurnal Novyy Vostok. 1924 g. №15 [V. Millin. The Kyrgyz and the Revolution. Journal Novyi Vostok, 1924, No. 15.]
- [5] Millin V. Kirgizy i revolyuciya. Zhurnal Novyy Vostok. 1924 g. №15 [V. Millin. The Kyrgyz and the Revolution. Journal Novyi Vostok, 1924, No. 15.]
- [6] Qos тоңкеріс және Алаш қозғалысы. Ақиқат журналы. 1992 ж. №11. 46 бет. [The Dual Revolution and the Alash Movement. Aqikat Journal, 1992, No. 11, p. 46.]
- [7] A. Bukejhanov. Formy nacional'nogo dvizheniya v sovremennykh gosudarstvakh. Peterburg. 1910. str. 99. [A. Bukeikhanov. Forms of National Movement in Modern States. St. Petersburg, 1910, p. 99.]
- [8] Qos тоңкеріс және Алаш қозғалысы. Ақиқат журналы. 1992 ж. №11. 40 б. [The Dual Revolution and the Alash Movement. Aqikat Journal, 1992, No. 11, p. 40.]
- [9] Bejsembaev K. "Ocherki istorii obshchestvenno-politicheskoy i filosofskoy mysli v Kazakhstane". Alma-Ata., 1976 g., str. 123. [K. Beisembayev. Essays on the History of Socio-Political and Philosophical Thought in Kazakhstan. Alma-Ata, 1976, p. 123.]
- [10] Qos тоңкеріс және Алаш қозғалысы. Ақиқат журналы. 1992 ж. №11. 46 бет. [The Dual Revolution and the Alash Movement. Aqikat Journal, 1992, No. 11, p. 46.]

Шайхиев Т. Т.

«АСПЕКТЫ ИЗУЧЕНИЯ В ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ИСТОРИИ НАЦИОНАЛЬНО-ПОЛИТИЧЕСКОЙ ПАРТИИ «ҮШ ЖҮЗ»»

Аннотация. В статье рассматриваются научные выводы о исследовании в отечественной истории национальной политической партии «Үш жүз», сыгравшей большую роль в политических процессах, происходивших в Казахстане в начале XX века. В советской историографии изучение национальных политических сил было одной из наиболее широко освещённых историко-научных проблем. История независимости принесла новые научные взгляды и парадигмы в исследование национальных политических сил XX века. В данной статье исследование по изучению отечественной историографии партии «Үш жүз» осуществляется посредством сравнительного анализа советской и независимой казахстанской историографии.



Ключевые слова: Казахстан; национальная политическая партия «Үш жүз»; историография; политическая сила; XX век, политический процесс; независимость; научный взгляд; парадигма.

Shaikhiyev Turar

**«ASPECTS OF THE STUDY OF THE NATIONAL-POLITICAL PARTY
«ÜSH ZHUZ» IN DOMESTIC HISTORY»**

Annotation. The article examines scholarly conclusions regarding the study of the national political party «*Üsh Jüz*», which played a significant role in the political processes in Kazakhstan at the beginning of the 20th century. In Soviet historiography, the study of national political forces was one of the most widely discussed historical and scholarly issues. The history of independence introduced new scientific perspectives and paradigms into the study of national political forces of the 20th century. This article conducts a comparative analysis of Soviet historiography and the historiography of Independent Kazakhstan regarding the study of the «*Üsh Jüz*» national political party.

Keywords: Kazakhstan; «*Üsh Jüz*» national political party; historiography; political force; 20th century; political process; independence; scientific perspective; paradigm.